

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 және 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 938 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысында :  
көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:  
II "Шығындар" бөлімінде:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында:  
01 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" ішкі функциясында:

104 "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" әкімшісі бойынша:  
001 "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша:

009 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" кіші бағдарламасындағы "371495" деген сандар "382287" деген сандармен ауыстырылсын;

017 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасындағы "124170" деген сандар "113378" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысында :

104 "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" әкімшісі бойынша:  
көрсетілген қаулыға 7-қосымшада :  
"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда:  
реттік нөмірі 3-жолдағы "70" деген сандар "77" деген сандармен ауыстырылсын;  
реттік нөмірі 4-жолдағы "31", "160", "12" деген сандар тиісінше "32", "170", "13" деген сандармен ауыстырылсын;

"рентгеноскоп-сканер - 1 бірлік" деген сөздер алынып тасталсын;  
"конференц-байланыс - 1 жиынтық" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы  
абзацтармен толықтырылсын;

"тележабдық	- 1 жиынтық;
цифрлық дубликатор	- 1 бірлік;
парақ іріктеуіш машина	- 1 бірлік;
бүгу-брошюралау аппараты	- 1 бірлік;
терможелім машинасы	- 1 бірлік;
жартылай автоматты	
қағаз кескіш машина	- 1 бірлік;
пакетті ламинаттауыш	- 1 бірлік;
пластик серіппеге	
брошюралау аппараты	- 1 бірлік;
бүгілім салу аппараты	- 1 бірлік;
металл есік	- 2 бірлік;
жұмсақ жиһаз	- 1 жиынтық";

соңғы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жабдықтарды орналастыру.";

реттік нөмір 5-жолдағы "168", "3", "1646" деген сандар тиісінше "176", "4", "1444"  
деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 8-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-  
тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда:  
реттік нөмірі 3-жол "ноутбук - 1 бірлік" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы  
абзацпен толықтырылсын:

"компьютерлік үстел - 15 бірлік";  
көрсетілген қаулыға 9-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-  
тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда:  
реттік нөмірі 1-жол "көшіру аппараты - 2 бірлік" деген сөздерден кейін мынадай  
мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"құжаттарды жойғыш - 1 бірлік".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК